



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 8D01404 – Дене шынықтыру және спорт

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Кәсіби қызметте әдіснамалық білімді тиімді пайдаланатын, дене шынықтыру саласында кең ой-өрісі бар, дамыған когнитивті және әлеуметтік дағдылары, басқарушылық икемділігі мен жобалық менеджменті бар докторанттардың іргелі теориялық-әдіснамалық дайындығын қамтамасыз ету.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	Дене шынықтыру және спорт саласындағы педагогтің білім беру, тәрбие, жаттығу және ғылыми қызметі

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 – өзінің кәсіби құзыреттілігі шеңберінде міндеттерді қояды және шешеді, дене шынықтыру-спорт құрылымдарындағы диалектикалық өзгерістерге әсер ететін факторларды анықтай алады;

ОН2 –әдістемелік талдау дағдыларын меңгерген, зерттеу және практикалық міндеттерді шешу үшін болжау, модельдеу, жобалау әдістерін, дене шынықтыру-спорт және пәнаралық білімді практикада қолдана алады;

ОН3 – әлеуметтік, экономикалық құрылымдарға әсер ететін стратегиялық сыртқы және ішкі факторларды сыни тұрғыдан бағалайды және жаңа идеялар шығара алады;

ОН4 – академиялық жазу біліктілігі мен дағдыларын, сондай-ақ әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және қалың жұртшылыққа дене шынықтыру білімінің теориясы мен әдіснамасы саласындағы өз жетістіктерін сауатты таныстыруды көрсетеді;

ОН5 – қоғамдағы әртүрлі дене шынықтыру-спорт құрылымдары мен жүйелерін ұйымдастырудың теориялық және гносеологиялық аспектілері туралы түсінікке ие;

ОН6 – дене шынықтыру-спорт проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізеді, ғылыми ақпаратты алу, өңдеу, сақтау әдістерін шебер таңдайды;

ОН7 – білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуының академиялық және кәсіби контекстінде ілгерілеуге ықпал етеді;

ОН8 – қалыптасқан стереотиптерді жеңе білуге қабілетті және осындай жағдайда жаңа модельдерді құратын білетін аралас дағдыларды мсеңгерген;

ОН9 - әлемдік тенденциялар мен жоғары дене шынықтыру білімін дамыту стратегияларын ескере отырып, ұлттық деңгейдегі жарияланымдар арқылы дене шынықтыру-спорт білімінің шекарасын кеңейтуге өз үлесін қосады;

ОН10 – қоршаған ортаның өзгертін жағдайларына бейімделе біледі және әртүрлі пікірлер жағдайында басқарушылық шешімдер қабылдай алады;